



КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

Молдабаева Зухра Мирамбековна

Аға оқытушы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазақстан

Жанғылыш Айжан Зейнуллақызы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«№5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Қазақстан

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.17932843>

Аннотация. В статье рассматриваются инновационные методы, направленные на формирование коммуникативной компетенции в процессе обучения. Автор анализирует современные педагогические технологии, активные формы обучения и цифровые инструменты, способствующие развитию языковых и социокультурных навыков обучающихся. Особое внимание уделено интерактивным стратегиям, проектным и кейс-технологиям, которые обеспечивают эффективность коммуникации в образовательной среде. В результате исследования определены педагогические условия и методические подходы, повышающие уровень коммуникативной активности и самостоятельности студентов.

Ключевые слова: коммуникативная компетенция, инновационные методы, педагогические технологии, интерактивное обучение, проектные технологии, языковое образование.

Abstract. The article examines innovative methods aimed at developing communicative competence in the learning process. The author analyzes modern pedagogical technologies, active learning formats, and digital tools that enhance students' linguistic and sociocultural skills. Particular attention is paid to interactive strategies, project-based learning, and case-study technologies that foster effective communication within the educational environment. The study identifies pedagogical conditions and methodological approaches that contribute to improving students' communicative activity and independence.

Keywords: communicative competence, innovative methods, pedagogical technologies, interactive learning, project-based learning, language education.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі – ең маңызды құзыреттердің бірі. Білім берудің мазмұны білімді игертумен ғана шектелмей, сол білімді қолдана отырып тиімді қарым-қатынас жасай алу қабілетін қалыптастыруға бағытталуда. Коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз – жеке тұлғаның тілдік құралдарды пайдаланып, түрлі жағдаяттарда өз ойын анық жеткізу және өзгені түсіну қабілеті. Ғалымдар бұл ұғымды әртүрлі сипаттайды; мысалы, К. Данцигер коммуникативтік құзыреттілікті адамның өз мүмкіндігіне сай коммуникациялық әрекетті жүзеге



асыра білу қабілеті деп көрсетеді, оның негізінде әңгімелесушінің орнына өзін қоя білу, қарым-қатынасты қарсы тарапқа түсінікті етіп құра алу іскерлігі жатыр [Мулдабекова К.Т.,2014]. Яғни, коммуникативтік құзыреттілік тіл білімі (лексика, грамматика, т.б.) мен сөйлеу дағдыларының бірлігін, сонымен бірге өзгелермен тиімді тілдесу үшін әлеуметтік-мәдени ережелерді сақтай білуді қамтиды.

Коммуникативтік құзыреттіліктің маңызы өте зор: ол тұлғаның айналасымен түсіністік орнатып, қоғамда табысты бейімделуіне негіз болады. Жаһандану дәуірінде шет тілдерін меңгеру, көпмәдениетті ортада қарым-қатынас жасай білу – бәсекеге қабілетті болудың басты шарттарының бірі. Оқу орындары түлектерінің тек пәндік білімін ғана емес, сондай-ақ тілдік қатынас дағдыларын дамыту – еңбек нарығы сұранысына және ХХІ ғасыр дағдыларына сай қажеттілік. Сондықтан орта мектептен бастап оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Дегенмен, мектеп тәжірибесінде бұл құзыреттілікті дамыту оңай іске аса қоймайды. Дәстүрлі оқыту әдістері оқушылардың сөйлеу белсенділігін төмендетіп, тілдік материалды жаттауға негізделген болатын. Мұндай әдістер оқушының шынайы коммуникацияда тіл қолдану білігін жеткілікті дамытпайды. Қатысымдық (коммуникативтік) әдіске көшу қажеттігі көптен айтылып келе жатқанымен, практикада көптеген мұғалімдер грамматикалық-аудармалық, сұрақ-жауап сияқты ескі тәсілдерге сүйенуді жалғастыруда [Al-Amri Н.М., 2020, 277]. Себебі мұғалімдердің жаңа әдістерді қолдануда дайындық деңгейі әркелкі, сондай-ақ нақтылы әдістемелік нұсқаулардың, үлгі сабақтардың тапшылығы да ықпал етеді. Орта мектеп контекстінде коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға кедергі келтіретін өзекті мәселелердің қатарына мыналарды жатқызуға болады: оқу процесінің әлі де мұғалімге бағытталуы, сыныптағы оқушы санының көптігі (әр балаға сөйлесуге уақыт жетіспейді), шет тілдік ортаның болмауы, емтиханға дайындалудың басымдылығы (ауызша сөйлеуге емес, тестке дайындалу) және мұғалімдердің инновациялық технологияларды игеру қажеттігі. Бұл проблемалар коммуникативтік дағдыларды қалыптастырудың жаңа, тиімді жолдарын іздестіруді талап етеді [Құрманова А.К., 2022, 95]. Қазіргі таңда педагогикада оқытудың бірқатар инновациялық әдістері ұсынылып, олардың оқушылардың тілдік қарым-қатынас қабілеттерін дамытудағы оң ықпалы ғылыми тұрғыда дәлелденуде. Төменде осындай әдістердің мәні мен артықшылықтары қарастырылады.



Орта мектепте оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда кездесетін өзекті мәселелерге тоқталсақ, ең алдымен дәстүрлі тіл үйрету тәсілдерінің тиімсіздігі айқын көрінеді. Қалыпты жағдайда көптеген мектептерде шет тілін оқытуда грамматиканы жаттату, мәтін аударту, дайын диалогтарды жатқа айтқызу сияқты әдістемелер басым болып келгені белгілі. Мұндай біржақты әдістер оқушыны тілдік ортада еркін сөйлесуге үйрете алмады, нәтижесінде оқушылар жылдар бойы тіл оқығанымен, оны өмірде қолдануда қиналатын жағдай жиі ұшырасады. Қатысымдық бағыттағы әдістерге көшудің баяу жүруінің бір себебі – мұғалімдердің инновациялық әдістемелерді игеруіне уақыт пен қолдаудың жеткіліксіздігі. Зерттеушілердің айтуынша, көптеген мұғалімдер коммуникативтік оқытуға толық көшуден қашқақтайды, өйткені сабақта қолдануға болатын жаңа тәсілдер мен жаттығулар үлгілері жетіспейді. Бұл мәселе тек Қазақстанға ғана тән емес, өзге елдерде де байқалады.

Сонымен қатар, орта мектепте сынып контингенті үлкен болуы оқушылардың сабақта сөйлесу белсенділігін шектейді – әр оқушыға сөйлеп, пікір айтуға аз уақыт тиеді. Оқу жоспарындағы уақыт тапшылығы да әсер етеді: бағдарламаны орындау мақсатында мұғалім сөйлеп, оқушы тек тыңдаушы рөлінде қалып қояды. Оқушылардың мотивациясының төмендігі де коммуникацияға кедергі: егер оқу материалы қызықсыз немесе өмірлік маңызы түсіндірілмесе, бала тілді тек бағадан өтетін пән ретінде қабылдайды.

Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында (жаңартылған бағдарлама) Қазақстан мектептерінде құзыреттілікке бағытталған білім беруге көшу жүріп жатыр. Бұл оң өзгеріс болғанымен, оны іске асыруда кездесетін қиындықтар бар. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру қажеттігі туындауда – жаңашыл әдістерді іс жүзінде тиімді қолдану үшін педагогтер арнайы даярлықтан өтуі тиіс. Сонымен бірге, оқу-әдістемелік материалдардың коммуникативтік бағытта қайта жасалуы, сыныптан тыс коммуникациялық орта қалыптастыру (тілдік үйірмелер, дебаттар, жобалар) сияқты мәселелер де өзекті.

Жалпы айтқанда, орта мектеп жағдайында коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың басты түйінді проблемалары – дәстүрлі оқыту әдістерінің басымдығы және жаңашыл педагогикалық технологияларды енгізудегі олқылықтар. Дәл осы мәселелерді шешудің бір тиімді жолы – инновациялық әдістерді сабақ үдерісіне бейімдеу. Төменде осындай әдістердің бірнешеуіне жеке-жеке сипаттама беріліп, олардың артықшылықтары талданады.



Жобалық оқыту (Project-Based Learning, PBL) – оқушыларды шынайы өмірден алынған проблемаларды немесе тақырыптарды зерттеп, сол бойынша өнім әзірлеуге тартатын оқыту әдісі. Бұл әдіс бойынша оқушылар топтарда ұзақ мерзімді жобалар орындап, ақпарат жинайды, талдайды және ақырында өз жұмысын көпшілікке қорғайды. Жобалық оқыту кезінде мұғалім бағыттаушы, кеңесші рөлін атқарып, оқушылар өз бетімен оқу-зерттеу әрекетіне көшеді. PBL оқушылардың сын тұрғысынан ойлау, мәселе шешу, ынтымақтастық дағдыларын дамытады және ең бастысы – оларды белсенді коммуникацияға ынталандырады. Оқушылар жобамен жұмыс барысында бір-бірімен талқылап, пікір алмасады, яғни табиғи тілдесу жағдайында ауызша сөйлеу практикасы артады. Жоба нәтижелерін қорғау кезінде аудитория алдында презентация жасап, өз идеясын жеткізу арқылы риторикалық қабілеттері шыңдалады. Сонымен қатар жобалық жұмыстың маңызды бөлігі – жобалық құжаттама мен есептер дайындау, бұл жазбаша тіл дамытуға ықпал етеді.

PBL әдісінің тиімділігі көптеген зерттеулерде дәлелденген. Мысалы, жақында Қазақстанда жүргізілген бір зерттеуде жобалық оқытуды ағылшын тілі сабағына енгізу студенттердің коммуникативтік дағдыларын айтарлықтай жақсартқаны анықталды: бірнеше айға созылған PBL эксперименті нәтижесінде қатысушылардың ауызша сөйлеу fluency-сі мен тыңдалым қабілеті едәуір өскен. Зерттеушілер жобалық тапсырмалар тіл үйренушілерді шынайы өмірге жақын жағдайларда тіл қолдануға мәжбүрлейтіндіктен, олардың практикалық коммуникациясы жақсаратынын айтады. Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, жобалық әдіс оқушылардың жазу дағдыларын да жетілдіреді: шетелде өткізілген бірқатар эксперименттер PBL ықпалымен оқушылардың жазба жұмыс сапасы, ойды қағазға түсіру қабілеті жоғарылайтынын көрсетті. Бұл – жобалық әдістің тілдік төрт дағдыны (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) кешенді дамытуға мүмкіндік беретін қуатты құрал екенінің айғағы. PBL барысында оқу академиялық сипаттан шығып, нақты өмірлік міндетке айналады, сондықтан оқушылар үлкен қызығушылықпен және жауапкершілікпен жұмыс істейді. Осындай шынайы ортада тіл үйрену оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда өте тиімді деп танылуда.

Сандық әңгімелеу – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып, белгілі бір идеяны немесе оқиғаны әңгіме түрінде баяндау әдісі. Бұл әдісте оқушылар мәтін, сурет, аудио, бейне сияқты цифрлық құралдарды пайдаланып, өз тарихын (story) құрастырады. Сандық әңгімелеу оқушылардың шығармашылығын оятып, оларды мазмұн жасауға тартады; сонымен бірге бұл



– тілді үйренудің жаңашыл, қызықты жолы. Digital Storytelling әдісінде оқушы әуелі әңгімесінің сценарийін жазады (бұл жазбаша тіл тәжірибесі), кейін сол әңгімені өзі сөйлеп, дауысын жазып немесе сынып алдында баяндап береді (бұл – ауызша тіл практикасы). Әңгіме құрастыру процесінде оқушылар топпен де жұмыс істей алады, мысалы, бірі – мәтінін жазса, екіншісі – диктор, үшіншісі – монтаждаушы рөлін атқарады. Осылайша, сандық форматтағы бір жобаны шығару арқылы оқушылар арасында үздіксіз қарым-қатынас және бірлескен әрекет жүреді.

Ғылыми зерттеулер сандық әңгімелеудің коммуникативтік құзыреттілікке оң әсерін растайды. Сауд Арабиясында жүргізілген тәжірибеде 10-сынып оқушылары 12 апта бойы бірнеше цифрлы әңгіме жасаған; нәтижесінде сынып ішіндегі коммуникацияның жандана түскені және оқушылардың тілдік кей аспектілері (фонология, грамматика, сөздік қоры) едәуір жақсарғаны байқалды. Оқушылар бұл белсенділікті өте қызығып орындап, оның сабақтағы тілдік өзара әрекеттестікті молайтқанын атап өткен. Шынында да, сандық сторителлинг әдісі аудиторияда көптеген пікірлесу мүмкіндігін туғызады: оқушылар өз әңгімелерін бір-біріне көрсетіп, сұрақтар қояды, пікір алмасады, яғни тілдік қарым-қатынас табиғи жағдайда дамиды. Цифрлы әңгіме жасау барысында оқушылар айтылымның интонациясы, айтылуы (фонология) сияқты қырларына мән беруге мәжбүр, өйткені өз дауыстарын жазып, оны тыңдай отырып қателерін түзейді. Сонымен бірге, бұл әдіс арқылы жазуға үйрету де жеңілдейді: оқушы қызықты хикая жазу арқылы грамматика мен лексиканы шығармашылықпен қолдануды үйренеді.

Сандық әңгімелеу технологиясы тіл үйренушілердің уәждемесін (мотивациясын) көтеретіні де белгілі. Қағаз-қаламға қарағанда компьютерде, смартфонда жұмыс істеу бүгінгі оқушыларға етене жақын. Өз өміріндегі, қоғамдағы оқиғалар туралы мультимедиалық өнім жасап, оны достарымен бөлісу оқушыларға қуаныш әкеледі, нәтижесінде тілде еркін сөйлеуге деген сенімі артады. Digital storytelling әдісін қазақ тілі мен әдебиеті, тарих сабақтарында да қолдануға болады – мәселен, тарихи тұлға туралы қысқаметражды деректі әңгіме жасау, белгілі шығармадағы кейіпкер атынан видеохикая құру сияқты тапсырмалар оқушылардың әрі тілдік, әрі танымдық қабілеттерін дамытады. Осы тұрғыдан, сандық әңгімелеу – коммуникативтік құзыреттілікті интеграцияланған тәсілмен жетілдіретін әмбебап, заманауи әдіс.

Кейс әдісі – білім алушылардың нақты жағдаяттар мен мәселелерді талдап, оларды шешу бойынша ұсыныс дайындауын көздейтін оқыту тәсілі. Алғашында бизнес, құқық, медицина салаларында кең қолданылған бұл әдіс



қазір жалпы білім беруде де тиімді құралға айналууда. Кейс-стади барысында мұғалім белгілі бір оқиғаны немесе проблема сипаттамасын (кейсті) ұсынады; оқушылар оны жеке немесе топта зерттеп, пайда болған мәселелерді анықтайды, өз шешімдерін немесе қорытындыларын шығарады. Сабақ барысында кейсті талқылау (дискуссия) жүреді, әр оқушы өз пікірін айтып, басқалардың пікірін тыңдайды. Демек, case-study – негізінен пікірталасқа, диалогқа құрылған интерактивті әдіс, ол оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын дамытудың тамаша мүмкіндігі. Иллинойс университетінің оқыту орталығы кейс әдісін *«студенттерді сын тұрғысынан ойлауға, коммуникация және топтық жұмыс дағдыларына баулитын, талқылауға негізделген оқу әдісі»* деп сипаттайды [The Case Method – Teaching guide, 2023]. Расында, кейс талдау кезінде оқушылар мәселені шешу үшін ұжымда ақылдасып, түрлі көзқарастарды тыңдап, өз аргументтерін келтіреді. Бұл үрдіс оларға тыңдай білу, өз пікірін дәлелді жеткізу, топта келісімге келу сияқты коммуникацияның маңызды қабілеттерін үйретеді.

Кейс әдісінің тағы бір пайдалы жағы – оның өмірмен байланыстылығында. Көп жағдайда жағдайлық тапсырмалар нақты өмірден алынған немесе соған ұқсас етіп құрастырылған болады. Мысалы, экология тақырыбында география сабағында мұғалім «қалдықтарды сұрыптамайтын қала» туралы кейс ұсынып, оқушыларға сол қала әкімдігіне тұрғындардың қоқысты бөлек жинауы үшін үгіт-насихат жоспарын жасау міндетін береді делік. Бұл тапсырманы орындау барысында оқушылар шағын топтарда жиналып, мәселені талқылап (ауызша коммуникативтік әрекет), кейін өз жазбаша жоспарларын әзірлейді (жазбаша коммуникация). Соңында әр топ әкімдікке өз ұсынысын ауызша презентация түрінде жеткізеді. Байқалатыны, бар кезеңде балалар әртүрлі коммуникациялық формаларды пайдаланады: еркін диалог, көпшілік алдында сөз сөйлеу, ресми стильде құжат дайындау. Осының бәрі кешенді түрде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға қызмет етеді.

Кейс-стади оқушылардың пәндік білімін өмірде қолдана білуін дамытып, оқу материалының мағынасын терең түсінуге жол ашады. Оқушылар тек дайын фактіні жаттамай, «неге?» және «қалай?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Мұндай контекстік оқу коммуникациямен тікелей ұштасады, себебі білім алушылар белсенді түрде сұрақ қойып, жауап беру, пікір қосу арқылы білімді өзара алмасу режимінде игереді. Кейс әдісін тиімді өткізу үшін мұғалім де фасилитатор ретінде сауатты сұрақтар қойып, бағыттап отыруы керек. Жалпы, бұл әдіс орта мектепте тарих, қоғамтану, биология сияқты пәндерде, сондай-ақ



тіл сабақтарында да қолданылып жүр. Мысалы, әдебиет сабағында кейіпкерлердің қиын жағдайдағы іс-әрекеттерін талдату – кейс тәсілінің бір түрі. Қорыта айтқанда, кейс-стади әдісі оқыту процесін өмірдегідей коммуникацияға барынша жақындатып, оқушылардың қарым-қатынас құзыреттілігін табиғи жолмен арттырады.

Жоғарыда сипатталған әдістерді қолданудың арқасында оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын қатар дамытуға болады. Дәстүрлі сабақтарда бұл екі аспект көбіне бөлек қарастырылса (мысалы, бір сабақ тек сөйлесуге, келесі сабақ тек жазуға бағытталуы мүмкін), инновациялық әдістер аясында оқушылар кешенді коммуникациялық тәжірибеден өтеді. Әр әдістің тілдік дағдыларды жетілдірудегі ролін қысқаша талдап көрейік:

Жобалық оқытуда оқушылар жобаны іске асыру барысында үнемі ауызша қарым-қатынас жасап отырады – топ ішінде пікірталас жүргізу, жоспар құру, рөлдерді бөлу кезіндегі сөйлесу оқушылардың еркін сөйлеу қабілетін дамытады. Жоба соңында нәтижелерін ұжым алдында қорғау арқылы олардың көпшілік алдында сөйлеу, презентация жасау дағдылары қалыптасады. Сонымен бірге, кез келген жобаның маңызды бөлігі – жазбаша құжаттар дайындау (мысалы, есеп, эссе, күнделік). Оқушылар жобалық жұмыс барысында ақпаратты өз сөздерімен жазып үйренеді, бұл олардың жазу стилін, емле-грамматикасын жетілдіреді. Жобалық әдіс бойынша жүргізілген бір зерттеу тіпті PBL-дың оқушылардың жазба жұмыстарының сапасына айтарлықтай әсер етіп, жалпы жазу шеберлігін жақсартқанын анықтаған. Яғни, PBL аясында ауызша және жазбаша сөйлеу біртұтас дағды ретінде дамиды.

Сандық әңгімелеу әдісі де оқушылардың тілдік төрт дағдысын (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) ықпалдастыра дамытады. Digital storytelling кезінде әр оқушы өз мәтінін жазады, сондықтан ол ойын байланыстырып жазуға, қажетті сөздерді іріктеуге дағдыланады; мәтінін бірнеше рет редакциялап, грамматикалық тұрғыдан дұрыс, түсінікті сөйлемдер құрастыруға тырысады. Бұл – жазбаша тілдегі шеберлікті шындайтын тиімді жол. Екіншіден, оқушы жазған әңгімесін дауысқа салып оқиды немесе видеоролик ретінде сыныпқа ұсынады, осылайша ауызша сөйлеу дағдысы іске қосылады. Цифрлы әңгіме жасау үдерісінде оқушылар өзара әңгімелерін ауызша бөлісіп, пікір алмасатындықтан, тілдік орта қалыптасып, бір-бірінің қателерін түзету, кеңес беру арқылы интерактивті тілдесу жүреді. Осының бәрі олардың еркін сөйлеуіне, акцентті түзетуіне, дұрыс айтуына септігін тигізеді. Сандық сторителлинг оқушылардың тыңдалым дағдыларын да дамытады, өйткені олар сыныптастарының әңгімелерін тыңдап, түсінуге үйренеді.



Кейс-стади әдісі негізінен ауызша коммуникацияны дамытуға бағытталған. Сабақтағы кейс талқылауы барысында әр оқушы мүмкіндігінше өз ойын айтуға тартылады, жұпта, топта, бүкіл сыныппен дискуссия жүргізу арқылы диалогтық сөйлеу тілі жетіледі. Оқушылар нақты проблема бойынша пікірлерін білдіріп, дәлелдер келтіргенде монологтік сөйлеу машығы да шындалады – тұтас ойды бастан-аяқ жүйелі жеткізуге жаттығады. Тыңдау және жауап беру – кейс әдісінің ажырамас элементі, сондықтан балалар сұхбаттасу, сұрақ қою, реакция білдіру мәдениетін үйренеді. Кейс әдісінде кейде оқушылардан шешімдерін жазбаша эссе немесе есеп түрінде тапсыру сұралады, не болмаса өз презентациясының тезистерін қағазға түсіреді. Осы арқылы жазбаша тілде тұжырым жасау, ресми стильде жазу біліктері дамиды.

Жалпы, инновациялық әдістерді қолдану оқушылардың ауызша және жазбаша тіл дамытуға арналған мүмкіндіктер санын еселейді. Оқушы тіл үйренудің объектісі емес, тілдік қатынастың белсенді субъектісі болады – сөйлеседі, тыңдайды, жазады, оқиды. Мұндай белсенді тәжірибе барысында қарым-қатынас жасаудың психологиялық кедергілері жойылады, оқушылар өзіне деген сеніммен сөйлеуге үйренеді. Өз ойын түрлі формада жеткізу шеберлігі дамиды, сөздік қоры молаяды, тілдің грамматикалық құрылымдарын іс жүзінде қолдану автоматтандырылады. Бір сөзбен айтқанда, инновациялық әдістерді жүйелі пайдалану арқылы орта мектеп оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігі жан-жақты және тиімді қалыптасады.

Қорыта келе, орта мектеп оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін дамыту – заманауи білім берудің басты міндеттерінің бірі әрі білім сапасын арттырудың маңызды көрсеткіші. Коммуникативтік құзыретті тұлға қалыптастыру оқушының болашақ академиялық және кәсіби жетістігінің, қоғамда белсенді азамат болып орнығуының негізі болады. Дегенмен дәстүрлі оқыту әдістері бұл мақсатқа толық қол жеткізе алмайтындықтан, педагогикада тың шешімдер қажет болды. Баяндамада қарастырылған инновациялық әдістер – жобалық оқыту, сандық әңгімелеу, кейс-стади – осы сұранысқа берілген тиімді жауап болып табылады. Әрқайсысының өз ерекшеліктері бола тұра, бұл әдістердің ортақ пайдасы – олар оқушыны оқу процесінің белсенді қатысушысына айналдырады, білімді өмірде қолдануға үйретеді және ең бастысы – шынайы коммуникация жағдайында оқытады. Зерттеулер мен практика көрсеткендей, бұл тәсілдер оқушылардың тілдік құзыретін едәуір жақсартып қана қоймай, олардың сын тұрғысынан ойлау, бірлесіп жұмыс істеу, шығармашылықпен проблемаларды шешу секілді жан-жақты қабілеттерін дамытады.



Әрине, инновациялық әдістерді оқу үдерісіне ендіру мұғалімнен де жоғары дайындықты, әдістемелік шеберлікті талап етеді. Жаңашыл тәсілдерді қолдану барысында кездесетін қиындықтарды (материалдық-техникалық база, уақыт шектеуі, мұғалімдердің дайындық деңгейі, т.б.) шешу үшін білім ұйымдары тарапынан қолдау қажет. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарында жобалау технологиясы, цифрлық білім беру бойынша арнайы модульдер енгізу – құзыретті маман даярлаудың ажырамас бөлігі.

Коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан оқушы – бұл тек тілдік білімді меңгерген оқушы емес, ол – пікірін ашық әрі нақты жеткізе алатын, өзгелермен тиімді өзара әрекеттесе алатын, түрлі әлеуметтік-мәдени ортада жол таба білетін жан-жақты дамыған тұлға. Орта мектептен бастап оқу барысында осындай қасиеттерді сіңіру – бүгінгі күннің талабы. Инновациялық әдістерді жүйелі түрде жүзеге асыру арқылы қазақ мектептерінде де оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын жаңа сапалық деңгейге көтеруге мүмкіндік бар. Бұл өз кезегінде ұлттың білімді, коммуникабельді, заман ағымына бейім азаматтарын тәрбиелеуге қызмет етпек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мулдабекова К.Т. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру: Пед. ғыл. докторы (PhD) дисс. авторефераты. – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2014.
2. Al-Amri H.M. Digital Storytelling as a Communicative Language Teaching Based Method in EFL Classrooms // *Arab World English Journal*. – 2020. – Vol. 11, No. 1. – P. 270–281.
3. Құрманова А.К. Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы (Филология сериясы). – 2022. – №2. – 91–99 бб.
4. Center for Innovation in Teaching & Learning (University of Illinois at Urbana-Champaign). *The Case Method – Teaching guide*, 2023. – [Электронды ресурс]. Қолжетімділігі: citl.illinois.edu